8	7 «Е»	8 «Е»	27	25	55	76	+21	Зейналы А.М	Зейналы А.М
9	7 «Ж»	8 «Ж»	27	25	70	60	-10	Зейналы А.М	Зейналы А.М
10	7 «З»	8 «З»	26	27	50	67	+17	Зейналы А.М	Зейналы А.М
11	7 «И»	8 «И»	24	26	66,7	57,6	-11,1	Бердиходжаева Л.Е	Зейналы А.М
			292	287	62%	63%	+1		



Физика пәні бойынша 7- сыныптар 2022-2023 оқу жылында 62% білім сапасын көрсетті. Ең жоғары сапа көрсеткен 7 «Ж» сыныбы -70%, пән мұғалімі-Зейналы А.М, ең төмен сапа көрсеткен 7 «З» сыныбы 50%, пән мұғалімі-Зейналы А.М.2023-2024 оқу жылында 8-сыныптарда 11 сынып білім алды. 63 % сапа көрсетті. Ең жоғары сапа

көрсеткен 8 «Е» сынып 76 %-пән мұғалімі- Зейналы А.М, ең төмен сапа көрсеткен 8 «Ә» сынып 50% , пән мұғалімі- Абенова М.Г. Өсу динамикасы +1 % көтерілген.

Ұсыныс: 2024-2025 оқу жылында төмен сапа көрсеткен Абенова М.Г мұғалім бақылауға алынып, 8 «Ә» сыныптар зерттеуге алынсын.

8-9-сыныптар бойынша физика пәнінен үлгерім есебі

р/с	Сыныпта р 2022-2023 о.ж 2023-2024 о.ж		Оқуш ы сан ы		Білім сапасы %		Өс у дина м икас ы	Пән мұғалімі 2022-2023 оқу жылы	Пән мұғалімі 2023-2024 оқу жылы
1	8 «А» г/к	9 «А»г/к	29	29	59	62	+3	Залтай А	Набатбек Е.А
2	8 «Ә» г/к	9 «Ә»г/к	27	26	74	77	-3	Залтай А	Набатбек Е.А
3	8 «Б» г/к	9 «Б»	25	27	64	52	-12	Залтай А	Набатбек Е.А
4	8 «В»	9 «В»	27	29	67	69	+2	Зейналы А	Зейналы А.М
5	8 «Г»	9 «Г»	26	27	65	67	+2	Залтай А	Набатбек Е.А
6	8 «Ғ»	9 «Ғ»	28	28	71	57	-14	Залтай А	Набатбек Е.А
7	8 «Д»	9 «Д»	28	27	50	41	-9	Залтай А	Набатбек Е.А
8	8 «Е»	9 «Е»	27	28	48	43	-5	Залтай А	Набатбек Е.А
9	8 «Ж»	9 «Ж»	27	28	56	61	+5	Зейналы А	Зейналы А.М
10	8 «З»	9 «З»	28	24	60	50	-10	Зейналы А	Набатбек Е.А
			272	273	61 %	58 %	-3		




Физика пәні бойынша 8- сыныптар 2022-2023 оқу жылында 61,8% білім сапасын көрсетті. Ең жоғары сапа көрсеткен 8 «Ә» сыныбы -84%, пән мұғалімі-Залтай А, ең төмен сапа көрсеткен 8 «Е» , «Д» сыныптар 48%, пән мұғалімі-Залтай А. 2023-2024 оқу жылында 9-сыныптарда 10 сынып білім алды. 58% сапа көрсетті. Ең жоғары сапа көрсеткен

9 «Ә» сынып 77 %-пән мұғалімі- Набатбек Е.А, ең төмен сапа көрсеткен 9 «Д» сынып 41% , пән мұғалімі-Набатбек Е.А. Осу динамикасы- 3 % төмендеген.

Ұсыныс: 2024-2025 оқу жылында төмен сапа көрсеткен мұғалім Набатбек Е.А бақылауға алынып, 9 «Д» сыныптар зерттеуге алынсын.

10-11-сыныптар бойынша физика пәнінен үлгерім есебі


р / с	Сыныпта р 2022-2023 о.ж 2023-2024 о.ж		Оқушы саны		Білім сапасы %		Осу дин ам икасы	Пән мұғалімі 2022-2023 оқу жылы	Пән мұғалімі 2023-2024 оқу жылы
1	10 «А» г/к	11 «А» г/к	26	25	77	84	+7	Бердиходжаева.Л.Е	Набатбек Е.А
2	10 «Ә» г/к	11 «Ә» г/к	24	25	67	68	+1	Залтай А	Набатбек Е.А
3	10 «Б» г/к	11 «Б» г/к	27	26	-	-	-	-	-
4	10 «В»	11 «В»	17	18	82	83	+1	Залтай А	Набатбек Е.А
5	10 «Г»	11 «Г»	21	21	52	67	+15	Бердиходжаева Л.Е	Набатбек Е.А
			115	115	70 %	75,5 %	+5,5		



Физика пәні бойынша 10-сыныптар 2022-2023 оқу жылында 70% білім сапасын көрсетті. Ең жоғары сапа көрсеткен 10 «В» сыныбы -82%, пән мұғалімі- Залтай А, ең төмен сапа көрсеткен 10 «Г» сынып 52 %, пән мұғалімі-Бердиходжаева Л.Е, 2023-2024 оқу жылында 11-сыныптарда 4 сынып білім алды. 75,5 % сапа көрсетті. Ең жоғары сапа көрсеткен 11 «А» сынып 84%-пән мұғалімі- Набатбек Е.А, ең төмен сапа көрсеткен 11 «Г» сынып 67 % , пән мұғалімі- Набатбек Е.А. Өсу динамикасы- +5,5 % көтерілген.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылы бойынша физика пәнінің өсу динамикасы

Сыныптар	2022-2023 білім сапасы	2023-2024 білім сапасы	Өсу динамикасы
7-сыныптар	62	66	+4
8-сыныптар	61	63	+2
9-сыныптар	64	58	-6
10-сыныптар	70	68	-2



Қорытынды: Физика пәні бойынша білім сапасы қанағаттанарлық деңгейде. 7-8 сыныптар бойынша екі жылдық сапаны салыстыру барысында өсу динамикасы байқалады. Алайда, 9-10 сыныптар бойынша білім сапасы биылғы оқу жылында төмендеген.

Ұсыныс: 2024-2025 оқу жылында төмен сапа көрсеткен сыныптар бақылауға алынып, төмендеу себептері анықталсын.

Мектеп білім алушыларының қорытынды аттестаттауының үш жылдық салыстырмалы қорытындысы жайлы анықтама

Астана қаласы әкімдігінің “І.Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназия” ШЖҚ МКК бойынша қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығы. "Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы"; "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрықтарға сәйкес жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында мектепте білім алушылар қорытынды аттестаттау барысында 11-сынып оқушылары бес емтихан, оның ішінде біреуін таңдау бойынша тапсырды.

1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;


4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.


Қорытынды аттестаттауға барлығы 114 оқушы қатысты. Бір оқушы, 11в сынып оқушысы Төлеген Батырхан, дәрігерлік консультативтік комиссия шешімімен емтиханнан босатылған.

Жалпы орт мектеп курсы бойынша емтихандар қорытындысы төмендегідей:


Пәндер	қазақ тілі		алгебра және анализ бастамалары		Қазақстан тарихы		орыс тілінен тестілеу	
	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
жылдар								
«5»	33	28	17	21	29	40	19	39
«4»	48	72	66	57	54	58	58	62
«3»	10	15	8	36	8	16	14	13
сапасы	89%	87,7	91,2%	68,4	91,2%	86	84,6%	88,6
үлгерім	100%		100%		100%		100%	



таңдау пәндері								
Пәндер	география		биология		Ағылшын тілі		информатика	
жылдар	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
«5»	20	12	4	8	3	11	-	5
«4»	40	34	1	2	0	0	-	1
«3»	7	1	0	0	0	0	-	0
сапасы	89,5%	97,9%	100%	100%	100%	100%	-	100%
үлгерім	100%		100%		100%		100%	



таңдау пәндері								
Пәндер	физика		Дүниежүзі тарихы		Құқық негіздері		Қазақ әдебиеті	
жылдар	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
«5»	1	1	3	1	-	1	2	5
«4»	0	8	3	9	-	2	1	2
«3»	0	5	0	3	-	0	0	0
сапасы	100%	83%	100%	77%	-	100%	100%	100%
үлгерім	100%		100%		100%		100%	



Негізгі пәндер бойынша қазақ тілі, алгебра және анализ бастамалары, Қазақстан тарихы пәндерінен үш жылдық сапаны салыстырғанда биылғы жылы сапаның төмендегені байқалады. Ал орыс тілінен сапа 4% өскен.

Таңдау пәндері бойынша үш жылдық сапаны салыстырғанда биылғы жылы географиядан, биологиядан сапаның өскені, ал физика, дүниежүзі тарихынан төмендегені байқалады. Ағылшын тілінен, қазақ әдебиетінен сапа тұрақты.

9-сынып оқушылары төрт емтихан, оның ішінде біреуін таңдау бойынша тапсырды :

1) қазақ тілі/орыс тілі және өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін - жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2024 жылғы 29 мамыр;

2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2024 жылғы 3 маусым;

3) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен


әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2024 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2024 жылғы 10 маусым.


Негізгі орта мектеп курсы бойынша емтихандар қорытындысы төмендегідей:

	қазақ тілі		алгебра және анализ бастамалары		орыс тілі	
	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
«5»	54	44	27	31	82	34
«4»	138	130	128	129	111	136
«3»	104	99	96	113	58	103
сапасы	64,8%	87,7%	61,7%	58,6%	76,8%	62,3%
үлгерім	100%	100%	100%	100%	100%	100%

Негізгі орта мектеп курсы бойынша емтихан қорытындысы



	география		Қазақстан тарихы		ағылшын тілі		физика	
Баға	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024	2022-2023	2023-2024
«5»	29	13	7	23	1	6	-	2
«4»	78	41	42	83	2	13	-	1
«3»	19	52	39	30	0	9	-	0
сапасы	84,9%	51%	55,6%	78%	100%	67,8%	-	100%
үлгерімі	100%	100%	100%	100%	100%	100%	-	100%



Негізгі пәндер бойынша үш жылдық сапаны салыстырғанда биылғы жылы қазақ тілі пәнінен сапа - 22,9% көтерілген, ал алгебра және анализ бастамаларынан -3,1%, орыс тілі пәнінен – 14,5% сапаның төмендегені байқалады.

Таңдау пәндері бойынша үш жылдық сапаны салыстырғанда биылғы жылы географиядан сапа -33,9% төмендеген, Қазақстан тарихынан – 22,4%, ағылшын тілінен – 32,2% сапаның өскені, ал физика пәнінен сапаның тұрақтылығы көрінеді.,

Қорытынды:

1. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихандарға сапалы және жүйелі дайындық жқмыстарын күшейту;
2. Келесі жылғы тақырыптық қайталау жұмыстарын жүйелі жүргізу жұмысын бақылау;
3. Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету
4. Пән бойынша түзету жұмыстарын жүргізу сапасын әкімшілік тарапынан бақылауды күшейту.

Жылдық «Үздік» оқушы туралы мәлімет (ерекше аттестат иегерлері)

2022-2023 оқу жылында – 3 үздік оқушы

2023-2024 оқу жылында – 7 үздік оқушы

«Алтын белгі» оқушы туралы мәлімет

2022-2023 оқу жылында - 5 оқушы « Алтын белгі»

2023-2024 оқу жылында - 3 оқушы « Алтын белгі»

ҰБТ жылдық сараптамасы

Оқу жылы	Оқушы саны	Білім сапасы	Үлгерім	Орта ұпай
2022-2023 оқу жылы	92	58,06	100	67,2
2023-2024 оқу жылы	115	62,2	100	69,3

2023-2024 оқу жылында мектепте 11-сыныпты бітіруші -115 оқушы. Оның ішінде 2 оқушы ҰБТ тапсырған жоқ. Мектеп бойынша -113 оқушы ҰБТ тестілеуінен өтті.

Екі жылдың ішінде оқушылардың үлгерімін талдай отырып, екі жылдың ішінде үздік және екпінді оқушылардың бала санына сәйкес тұрақты екендігін көруге болады. Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы тұрақты. «Алтын белгі», «Үздік аттестат» санының көбейгені байқалады. Бұл нәтиже ата-ананың, оқушының, мұғалімнің бірлескен жұмысы қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бергендігін көрсетті. Білім сапасының нәтижесінде дарынды оқушылармен жұмысты дамыту керек.

2023-2024 оқу жылы бойынша пәндер бойынша білім сапасы мен үлгерімі.

Биылғы оқу жылы гимназия педагогикалық ұжым құрамы алдында білім беру ортасының инновациялық потенциалы негізінде сапа көрсеткіштерінің үнемі жақсаруын қамтамасыз ету міндеті тұр. Алдағы оқу жылы орын алған кемшіліктерді ескере отырып, ұжым сапалы білім беру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қолданып, білім алушының қажеттілігін қамтамасыз етеді деген үміттеміз.

Жылдың соңында үлгерім 100%, білім сапасы 85,0%, өседі деген сенімдеміз. Жыл сайынғы талдау бойынша білім сапасы әрдайым өсіп келе жатқанын және жыл сайын «4» пен «5» аяқтаған оқушылар санының артып келе жатқандығын көруге болады.

Сараптама нәтижесінде мектептің білім сапасының көрсеткіш қорытындысының

Әлді жағы:

- Мектеп бойынша білім сапасының тұрақтылығы;
- Оқушылар санының өсуімен қатар, екпінді балалардың санының артуы;
- Мұғалімдердің білім сапасы мен үлгерім деңгейін көтеруде жаңаша оқыту әдіс –тәсілдерін қолдануы;

- Оқушылардың әлеуметтік жағдайының дұрыстығы;
- Мектеп әкімшілігі тарапынан сыныптардың білім және үлгерім нәтижелері үнемі қадағаланып, талдануы.
- Білім сапасы қатерлі деңгейде тұрған сыныптар мектепшілік бақылауға алынуы;

Әлсіз жақтары:

- Жылдар қорытындысы бойынша білім сапасының тұрақтап қалуы;
- Орта буындарда және бастауыштан орта буынға келген кезде білім сапасының төмендеуі;
- Жекелеген оқушылардың үй тапсырмасына толық дайындалмауы;
- Оқушылардың денсаулықтарына байланысты сабақты көп босатуы;
- Логикалық тапсырмалар мен функционалды сауаттылықты дамыту- ға бағытталған тапсырмалардың берілуіне көңілдің бөлінбеуі.

Кемшіліктерді шешу жолдары:

- Үлгерімі төмен оқушыларға психологтар тарапынан жағдай жасап, ынтасын көтеруге, қызығушылығын арттыруға көмек көрсетіп, себебін ашу;
- Білім сапаларының төмен және білім олқылықтары бар сыныптарда жеке-дара, дифференциалды оқытуды ұйымдастыру;
- Білім сапасы төмендеу деңгейде тұрған оқушылармен пән мұғалімдері тиімді әдіс-тәсілдер мен оқытудың жаңа технологиясын қолдана отырып, пәнге қызығушылығын арттырып, білім деңгейін көтеру жолдарын іздестіру;
- Мектеп әкімшілігі мұғалімдердің сабақтарына қатысу барысында логикалық тапсырмалар мен пәннің тереңдетіліп берілуіне үнемі көңіл бөліп, қажетті нұсқаулықтар мен кеңестер беріп отыру.

Пән мұғалімдері оқушылардың есте сақтау қабілеттерінің төмендігіне байланысты жаңа сабақты түсіндіру кезінде жеңілден күрделіге қарай принципімен, оқушылардың оқу материалы бойынша олқылықтарын ескере отырып, жүйелі түрде коррекция жұмыстарын жүргізу. Білімі төмен оқушы- лардың ата-аналарымен тікелей байланыс жасап, оқушыларды қатыстыра отырып, кемшіліктерді ата-аналарға түсіндіру және баласының білімін көтеруге атсалысуын талап ету.

Сабақтарға қатысу кезінде пән мұғалімдеріне бірсарынды сабақтардан арылып, жаңаша оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдерді түрлендіру, үлгерімі төмен оқушылармен жеке-дара, дифференциалды жұмыс түрлерін ұйымдастыра отырып белсенділіктерін арттыру, оқушылардың оқу- танымдық әрекеттерін дамытып, бәсекелестік рухы мен уәждерін оятуда зейіндерін шоғырландыру.

Алдағы уақытта мектеп әкімшілігі осы аталған сыныптарға жүйелі түрде сабақтарға қатысып, оқушылардың білім деңгейлері мен үлгерім сапасын үнемі бақылауда ұстауымыз қажет.

3) білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру:

I. Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясында Тәрбие жұмысын ұйымдастыру төмендегі негізгі нормативтік құқықтық құжаттар негізінде жүзеге асады.

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

2022-2023 оқу жылы мектеп педагогтары алдында тәрбиелеу мақсаты тұрды – қазіргі заманғы әлеуметтік жағдайларға бейімделе алатын тұлғаны қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болды.

Мұғалімдер мен ұжымының алдында маңызды үш міндет тұрды:

- Мемлекеттік стандарт талаптарына сай келетін білім берудің базалық деңгейін қамтамасыз ету.

- Білімді жалғастырып, еңбек етуге дайындықты қалыптастыру.
- Жеке тұлғаның тұрақты моральдық-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу, өмірге дайындық.

Ата-ана және оқушыны мектеп пен байланыстыратын алтын көпір ол әрине бірінші сынып жетекші, одан кейін барып мектептің тәрбие бөлімінің мамандары.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары:

- 1) Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- 2) Рухани-танымдық тәрбие.
- 3) Ұлттық тәрбие.
- 4) Отбасылық тәрбие.
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- 8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиесі, құқықтық тәрбие.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі патриоттық тәрбие болып табылады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік мерекелерге байланысты барлық атаулы шаралардың маңызы бар: ҚР-дағы тілдер күні, 25-қазан Республика күні, Тәуелсіздік күні, Наурыз мейрамы, Жеңіс күні.

Азаматтық пен қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуді қалыптастыру мақсатында барлық салтанатты шаралар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаумен басталады. ҚР-дағы тілдер күніне дайындалу мен өткізуге мектептегі қазақ тілі, орыс тілі, шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері қатысты. Пән апталықтары жақсы тәрбиелік потенциалмен өткізілді.

Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуде әр мемлекетті дамытудың мызғымас бөлігі болып табылатын мемлекеттік рәміздер ерекше орын алады. Қазіргі заманда мемлекеттік рәміздер визиттік карточка секілді, мемлекеттің ерекшеліктерін, салт-дәстүрін бейнелейді. Мемлекеттік рәміздерге деген құрмет қазақстандық халықтардың күші мен құдыретін білдіреді, патриотизм мен жоғары азаматтылықты көрсетіп, халық бірлігіне деген сезімді қалыптастырады. 25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім-Қазақстаным» жалпыреспубликалық акциясы аясында

мектепбіміздің «**Наркескен**» домбырашылар ансамблі «Балбырауын» күйін орындауға қатысты. «25-қазан Республика күні» ұлттық мереке күніне орай, бастауыш буынның балалары арасында «Қазақстанның болашағы бала көзімен» атты тақырыбында сурет байқауы өтті. «**Ұлы Далам, ұлан байтақ Отаным**» атты Ұлттық мереке Республика күніне орай спорттық шаралар өтті. «**Жүйріктен-жүйрік озар жарысқанда**» атты ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар арасында волейболдан жарыс өтті.

Бастауыш сыныптардың арасында «Әкем, анам және мен» атты отбасылық спорттық эстафеталық жарыс өтті. Сонымен қатар мектеп білім алушылармен «Қазақстан-бақыт мекені» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігі нышаны ұлттық валюта – теңге болып табылады. Теңге сатушы мен сатып алушы арасындағы ауыстыру құралы ғана болып қоймай, сонымен қатар, тәуелсіздіктің өте маңызды элементі болды және тіпті жаңа қазақстандық дүниетанымды құру құралы да болды. Ұлттық валюта-Теңге күніне орай біршама іс-шаралар ұйымдастырылды.

Шаралар мақсаты: қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, ұлттық атрибуттар мен рәміздерге, тарих пенсалт-дәстүрлерге деген құрмет. Біздің алдымызға келесі міндеттер қойылды: ақша тарихы туралы, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңге туралы мәлімет беру; пайда болу тарихымен, негізгі құралдарымен, қорғаныс түрлерімен таныстыру; теңгенің ел экономикасындағы рөлі мен маңызын анықтау; еліміздің мәдени-экономикалық құндылықтарына деген құрметті дамыту; ұлттық валютаға және Отанымыздың экономикалық тәуелсіздігіне деген патриотизм, азаматтық сезімін тәрбиелеу. Ұлттық валютаның 29 жылдығына арналған шаралар жоспарына сәйкес мектепте келесі шаралар өткізілді:

1. Сыныптан тыс шара «Ұлттық теңге – ұлт мақтанышы» атты бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушыларға Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге туралы, оның шығу тарихы мен теңгенің негізгі қасиеті туралы білім беру, өз елінің мәдени-экономикалық құндылықтарына деген құрметті тәрбиелеу, патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу. Сынып сағаттарында оқушыларға ұлттық техниканың пайда болу тарихы туралы айтылды. Оқушылар арасында ұлттық валюта туралы білімге, аталмыш тақырып бойынша мақал-мәтелге арналған конкурс өткізілді.

Сыныптан тыс іс-шара сағаттарын белсенді жүргізген сынып жетекшілер – бастауыш сыныптар бойынша 3 «А» сынып Орынбасова Ақгүл, 1 «Г» Касимова Гулхан, 4 «В» сынып Утенова Гулнур, 2 «Д» сынып Нысанова Мейрқыз, 4 «Г» сынып Саматова Рыскүл, 4 «Б» сынып Кикымбаева Мейрамгүл. Орта буын бойынша 5 «Г» сынып Шарықбаева Амангуль, 5 «Б» Қошқарова Гулшадия. Жоғары буын бойынша-8 «В» сынып Ердеханова С.С, 9 «Б» сынып Мұратова А.А, 9 «Ж» сынып Асанова Д.М

2. **«Теңге–Тәуелсіздігіміздің нышаны»** атты патриотизм сабақтарының міндеттері мен мақсаты оқушылардың патриотизмге деген сезімін қалыптастыру, қазақ халқының мәдениетіне, тарихына деген құрмет пен қызығушылықты тәрбиелеу, оқушыларды білімге, еңбекке, үлкендерді сыйлауға үйрету сабақтарын өткізді. 5-7-сыныптармен өткен патриотизм сабағындашара ұлттық валюта туралы, оның шығу тарихы туралы слайд көрсетумен басталды. 8-10-сыныптарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы мен ақша бірлігінің шығу тарихы туралы бейнеролик көрсетілді. Оқушлар Отан туралы тақпақтар оқыды. Сонымен бірге, оқушылар өткізілген викторинаға да белсенді қатысты. Шара Қазақстан туралы тақпақпен аяқталды.

Интеллектуалды-танымдылық түрде өткізілген барлық шаралар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ел азаматы мен патриотын қалыптастырудағы маңызды саты болды. Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу тақырыбын жалғастыра отыра, азаматтық патриотизм мен өз халқының тарихын құрметтеу сезімін тәрбиелеу мақсатында өткізілген Тәуелсіздік күніне арнаған шараларды атап өту керек.

Отанына деген сүйіспеншілікке негізделген азаматтық патриотизмді, өз еліне, халқының тарихына деген құрметті тәрбиелеу мақсатында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған бірқатар шаралар өткізілді.

«Тәуелсіздік-мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

«Тәуелсіздік асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі» атты онкүндік бойы мектеп кітапханасында кітапханашы С.М.Айтмағамбетова ұйымдастырған **«Тәуелсіздік шыңы»** атты кітап көрмесі болды.

«Тәуелсіздік- тарих ізімен» атты қоғамдық пәндер апталығының ашылуы өтті. Апталықтың аясында **«Тәуелсіздік, тағлым,тарих»** атты интеллектуалды ойын өткізілді, **«Қазақ хандығы»** үстел ойынын тарих пәні мұғалімдері Шекерова Ғ.С мен Мұратова А.А өткізді.

Дене шынықтыру мұғалімдері ұйымдастыруымен 7 сыныптар арасында футболдан жарыс өткізілді. Жарысқа жалпы 7 сыныптан 12 оқушыдан қатысты. Волейболдан аудандық турнир өткізіліп 4 мектеп қатысты. Кафедра жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік-тарих ізімен» атты тарихи көрністер қойылды. Онкүндіктің жабылуынада **«Тәуелсіздік асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі»** атты мерекелік жиын өтті.

Шаралар мақсаты: патриотизм сезімін, Отанға деген сүйіспеншілікті, тарихқа деген және Қазақсан халқының жарқын болашағына деген мақтанышты тәрбиелеу; балалардың «тәуелсіздік» деген ұғымын қалыптастыру, оқушылардың көпұлтты Қазақстан, достық, Қазақстан ауағында тұрып жатқан халықтар арасындағы бейбітшілік пен келісім туралы білімдерін дамыту, ұлтына қарамастан оқушылар арасындағы достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, кез келген ұлтқа деген құрметті, болашақ азаматтың жеке тұлғасы ретінде патриотизмді қалыптастыру болды.

Мектепте құрылған жоспарға сәйкес Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған шаралар өткізілді. Оқушылар **«Наурыз құтты болсын!»** қабырға газетін шығаруға, кабинеттерді, фойе мен дәлізді безендіруге белсенді түрде қатысты. Қабырға газеттерін 5 «Г» сыныбы сынып жетекшісі Шарықбаева А. 8 «д» сыныбы, сынып жетекшісі Тасмағанбет А, 9 «В» сыныбы сынып жетекшісі Бердиходжаева Л.Е, 9 «Ж» сыныбы, сынып жетекшісі Асанова Д.М 7 «Е» сыныбы, сынып жетекшісі Қорғанбаева Г. 7 «Д» сыныбы, сынып жетекшісі Альмухамедова М.С, 10 «Ә» сыныбы, сынып жетекшісі Каденова Ж.Ж өте белсенді қатысты. Мәжіліс залының сахнасы киіз үй түрінде безендірілді. Мерекеге байланысты фото-зонасы да безендірілді. Оқушылардың мектепке келгенінен бастап мерекелік көңіл күй езіліп тұрды. Балалар мерекені дайындауға беленді түрде қатысып, ата-аналарымен бірге ұлттық тағам – бауырсақ дайындады. өткізілген шаралардың барлығы жақсы дайындалып, оқушылардың қызығушылықтарын тудырды. Біз он бес миллионнан астам адам, жүзден аса ұлттар мен өлт өкілдері бір отбасындай боп тұрып жатқан мемлекетте өмір сүрудеміз. Барлығымыз бір шаңырақ астында өмір сүрудеміз. Қазақстанда тұрып жатқан барлық халықтар – тең құқылы, өз тілін, ұлттық мәдениетін дамытуда. Көгілдір ашық аспан астында әртүрлі ұлт өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүруде, сондықтан біз Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеудеміз. Кітапханашы Айтмағамбетова С.М мектеп кітапханасында **«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз»** атты тақырыптық көрме ұйымдастырды. Аға тәлімгер Кожобекова Г.Н 5-7- сыныптар оқушылары үшін **«Қазақстан халқының бірлігі күні»** атты тақырыптық сапқа тұруды өткізді. 1-10-сыныптардың сынып жетекшілері **«Біз – бір отбасымыз», «Халықтар достығы – біздің рухани байлығымыз», «Қазақстандықтардың тандауы - бірлік пен келісім»** атты сынып сағаттарын өткізді.

7 Мамыр - Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күніне арналған **«Егемен елдің қорғаны - Қарулы күштер»** атты ағылшын тілі бірлестігінің ұйымдастыруымен концерт өткізілді.

Жеңіс күні қарсаңында бірқатар шаралар өткізілді. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен **« Ұлы жеңіс-жаңғырығы»** атты соғыс ардагерлерімен кездесу кеші өтті. Шараға еңбек ардагерлері, ауған жауынгерлері, мектеп ұжымы мен оқушылар қатысты. Жиналғандар бір минут үнсіздікпен болашақ өмір үшін жандарын қиған жауынгерлерді еске алды.

Бұдан басқа, мектепте жоғары сыныптарда патриоттық мазмұндағы көптеген әңгімелесулер, ойындар мен сынып сағаттары өткізілді. Балалар сынып сағаттарын талқылауда қызығушылық пен белсенділік танытты. Сынып сағаттарын өткізген кезде келесі міндеттер жүзеге асырылды: оқушылардың нақты құбылыстарды түсіну қабілетін дамыту; халықтар арасындағы өзара түсіністікті тәрбиелеу; жалпы адамгершілік принциптерді бекіту; оқушыларға ҚР тәуелсідігінің құрылуының қиын жолдарын көрсету. Мектеп оқушылары бейтіншілікте, ашық аспан астында өмір сүріп, білім алып, достарымен және туған-туыстарымен көп уақыт өткізіп жүрген жақсы екен деген шешімге келді. Сынып

жетекшілері біздің мемлекет өте жас және барлық жақсылықтың бәрі әлі алда екенін атап өтті. Болашақ өміріміздің қандай болатыны, Қазақстанның қандай болатыны тек бізге ғана байланысты.

Тәрбие жұмысы жоспар бойынша мақсаттар мен міндеттерге сүйене отырып өкізілді. Шаралардың барлығы уақытылы өткізілді және балаларға өте ұнады. Патриоттық тәрбиенің барлық бағыттары бойынша құрылған жоспарға сәйкес осы бағыттағы жұмыстар атқарылды.

Педагогикалық ұжым құқықтық тәрбие бойынша зор жұмыс атқаруда. Қыз балалардың білім, медициналық көмек алып, зорық-зомбылықан, мәжбүрлі түрде некелесуден қорғау, қыздар мен әйелдердің құқығын бұзатын ортаны құратын стереотиптерді болдырмау және т.б. қорғау мақсатында **«Шуақ»** жастар денсаулығы орталығымен бірлесе отырып жылдық жоспар құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша **«ЖИТС (СПИД) ғасыр дерті –ЖИТС дегеніміз не?!», «Репродуктивті денсаулық сақтау- әр адам үшін маңызды!», «Ерте жүктіліктің алдын алу», «Туберкулез және оның алдын алу»** тақырыптарында дәріс жүргізді.

«Бала құқығы – адам құқығы» онкүндігі балалар мен ата-аналардың құқықтық мәдениет деңгейін арттыру мен Конвенцияның басты ережелері туралы, оларды насихаттау мен түсіндіру, балалардың әртүрлі құқықтық мәселелер туралы қызығушылықтарын дамыту, олардың өздерінің құқыққа деген қатынастарын қоғамдық құндылықтарға сияқты қарауын арттыру мақсатында –өткізілді. Сонымен қатар «Білім мекемесінде жайлы орта қалыптастырудағы үштік одақтың рөлі» атты ата-аналар жиналысы, **« Бала құқығы»** атты сынып сағаттары өткізілді. 1-4 сыныптарға Сарыарқа аудандық жол патрульдік полиция капитаны Жанатаев А.К және патрульдік полиция инспекторы аға лейтенант Аккозов Б.Ж қонақта болды. Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Кайракбаева А. Б, құқық қорғау менеджері Әбенев Қ. Б, Төтенше жағдайлар бөлімінің жетекшісі Сыздықов А.О. қатысуымен «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді.

5-7 сынып оқушыларына Астана қаласы ПД Жергілікті полиция қызметі кәмелетке толмағандар істері жөніндегі аумақтық полиция инспекторы полиция капитаны Нургалиева Гулден Есимовна, Сарыарқа ауданы учаскелік полиция инспекторы, аға лейтенант Касымханов Ерлан Дәулетович Өмір қауіпсіздігі жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
- Мерекелік, патриоттық іс-шаралардың жоғары деңгейде өтуі; - Барлық мемлекеттік органдар, бірлестіктер, ұйымдар, мәдени орталықтармен ынтымақтаса жұмыс жасау жүйелі жолға қойылуы; - Құқық қорғау органы өкілдерінің мектепке жиі шақырылып, дәріс сағаттарының өтуі; - Мектеп оқушыларының қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқауларға тұрақты қатысып, жүлделі орындарды иеленуі.	- Сынып жетекшілер тарапынан тәрбиелік іс-шаралардың формасын түрлендіру жеткіліксіз дәрежеде болуы; - Оқушылардың бейәдеп, жаман сөздерді жиі қолдануы; - Әлеуметтік желіні қолдануда ережелерді дұрыс сақтамауы; - Мектеп формасын сақтамауы, кешігудің азаймауы; - Сынып сағатында барлық сыныптарда біркелкі ата-анамен тұрақты байланыс орнатылмауы; - Тәрбиелік мәдени іс-шараларға қатысқан кезде оқушылардың өзін-өзі ұстай алмау мәдениетінің төмендігі.
Жою жолдары:	Күтілетін нәтиже:
- Кемшіліктерді жою мақсатында тәжірибелі сынып жетекшілер тарапынан шебер сынып сағаттарын ұйымдастыру, өзара тәжірибе алмасу; - Мемлекеттік органдар, жасөспірімдер орталығы, заң қызметкерлері, құқық қорғау өкілдерінің қатысуымен барлық сыныптарда дәріс сағаттарын, құқықтық кеңес беру жұмыстарын жолға қою; - Оқушылардың тәрбиелік деңгейін қалыптастырудағы сынып жетекшілердің жүйелі түрде жұмыс жасауы;	- Мектеп қабырғасында құқықбұзушылық фактілері азаяды; - Оқушылар мәдениетті сөйлеуге қалыптасады; - Сабақтан кешігу бәсеңдейді, мектеп формасының сақталу деңгейі тұрақтанады; - Азамат ретінде өзінің құқықтық міндеттері мен мүмкіндіктерін жақсы білетін, мүддесін заң жүзінде өзі қорғай алатын тұлға тәрбиелеу; - Сынып жетекші әр ата-анамен тығыз байланыста жекелей жұмыс жасауға дағдыланады.

Ұлттық тәрбие және отбасылық тәрбие.

Биылғы оқу жылында педагогтардың негізгі міндеттерінің бірі отбасымен қарым-қатынас жасап, ата-аналарды мектепті тәрбие үдерісіне тарту, «Мектеп- ата-ана- оқушы » атты бірыңғай тәрбие кеңістігін құру болды. Отбасылық тәрбие мен ұлттық тәрбие бір-бірімен өзара байланысты. Этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім тәрбиесі бойынша салтанатты сапқа тұрулар, әңгімелесулер, мерекелер мен концерттер өткізілді. Жұмыстың негізгі түрі – бұл жиналыстар, жеке кеңес берулер, ертеңгіліктер және бірігіп дайындалған шаралар болды. ата-аналар бір жыл бойы мектеп өміріне белсенді түрде қатысып, Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің жұмысы белсендендіріле түсті.

Оқу жылының басында ата-аналардың балалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша белсендендіру, отбасылық құндылықтарды нығайту, суицид жағдайларының құқық бұзушылықтың, кәмелетке толмағандар арасында деструктивті діни ағындардың енгізілуінің алдын алу мақсатында **«Келешектің тұтқасы білімді ұрпақта»** атты ата-аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар **«Отбасы- тәрбие бастауы»** атты сынып сағаттар өткізіліп, **«Менің отбасым»** тақырыбында сурет көрмесі өтті. Көрмеге бастауыш сыныптар өте белсенді түрде қатысты.

«Әжеден ғибрат» клубы, «Мирас» әкелер клубы, «Мейірім» аналар клубы, «Ардагер» аталар клубы жұмысын бастады.

Әжелер клубы үш бағытта: «Халқын сүйген, салтын сүйер», «Он саусағынан бал тамған», «Қазақ – қонақжай халық» тақырыптарында жұмыс істейді.

«Тәрбие- тал бесіктен» атты тақырыпта «өзін-өзі басқару» ұйымы мүшелерімен кездесу өтіп, ой қозғады.

Жалпы сыныптар арасында «Тіл асыл-қазына» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. 10 қазан күні «Тәрбие-тал бесіктен» атты сынып сағаттары өткізілді.

«Мейірім» аналар клубы және өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен «Қазақтың ұлттық тамағы- бауырсақ» атты тақырыбында бауырсақ пісіруден мектеп аналары шеберлік сағатын көрсетті.

21 қараша күні "Ұлттық тәрбие - құндылық бастауы" тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

5 «Д» сынып оқушылары, сынып жетекшісі Еркебай Д.Е «Менің отбасым» тақырыбында бейнебаян түсірді, 6 «Ғ» сынып білім алушылары, сынып жетекшісі Сарбасова А.Е **«Мен өз Отбасымды жақсы көремін»** атты тақырыбында бейнебаян түсірді, 7 «Е» сынып білім алушылары, сынып жетекшісі Қорғанбаева Г «Бақытты отбасы» тақырыбында, 4 «В» сынып, сынып жетекшісі Утенова Г.Т **"Біз бақытты баламыз", «Отбасы- тәрбие бастауы»** атты тақырыпта бастауыш сынып оқушылары арасында стенд жасалды,

29 қараша күні «Отан- отбасынан басалады» атты мектепшілік клубтар арасында кездесу кеші өткізілді. Кешке мектебіміздің белсенді ата-аналары келіп қатысып, отбасындағы бала тәрбиесі жайында өз ойларымен бөлісті.

2 сынып әкелері арасында «Әкеммен бірге сурет» саламын атты байқау өтті.

Байқауға 2 сыныптар түгел дерлік белсене ат салысты. Мақсаты: әкенің бала тәрбиесіндігі атқаратын қызметіне тоқталу, отбасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
- «Ата-ана мектебі» өкілдері, қоғамдық ұйымдармен жақсы деңгейде байланыс орнатылуы. - Ұлттық академиялық кітапхананың «Шаңырақ» орталығымен тығыз байланыс жасау нәтижесінде оқушылар ұлттық құндылықтарға қатысты мол тәжірибе жинақтай алуы.	Барлық сыныптарда ұлттық тәрбиеге көңіл бөлудің жүйелі түрде жолға қойылмауы.
Жою жолдары :	Күтілетін нәтиже :
«Үштік одақ» ынтымақтастығын нығайту.	Ұлттық тәрбиені насихаттау мақсатында оқушыларымыздың тіл байлығы жетіле түсіп, сөйлеу мәдениеті қалыптасады, ұлттық құндылықтарды дәріптеу қасиеті шыңдала түседі.

Рухани-адамгершілік тәрбие

26 қыркүйек күні «Тәртіп-тәрбие бастауы» тақырыбында бірінғай сынып сағаттар өткізілді.

Қазан айының басында «1-қазан - Қарттар» күніне педагог ұйымдастырушылардың «Үлкендер жолы- ұлылық, шәкірті жүрер ұғынып!» атты мектебіміздің ардагер ұстаздарымен кездесу сыр сұхбат өткізілді және «Ұстаздар мерекесіне» тәрбие бөлімінің басшылығымен «Ұстаз аты биік әрі мәңгілік» атты мерекелік кеш өткізілді. Мерекелік кешімізге қонаққа -мектепке дейінгі білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру басшысының орынбасары Байтасов Дидар Дулатович, Тәрбие және тұлғаны дамыту, инклюзивті білім беру, баспа қызметі кітапхана ісі бөлімдерінің орынбасары Дауешова Сындр Муратовна арнайы келіп ұстаздарымызға, жылы лебіздерін білдірді.

Жоғарғы сынып оқушыларымен «Терроризм мен экстремизм - замануи өркениеттің басты қауіп-қатері» атты тақырыпта дәріс өткізілді. Дәріс мақсаты: оқушылардың адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу, оқушылардың діни көзқарасын қалыптастыру, оқушыларға «экстремизм», «терроизм» ұғымдарын қалыптастыру.

5-7 сынып қыздары арасында «Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» атты жиналыс өткізілді.

«Діни сауаттылықты арттыру» тақырыбында Астана қаласының Діндерді зерттеу орталығының мамандары Советов Темірлан мен Айдарқұл Марлен мырзалар түсіндіру жұмыстарын жүргізді, «Терроризм мен экстремизм - замануи өркениеттің басты қауіп-қатері» атты тақырыпта дәріс өткізілді.

«Діни экстремизм және лаңкестік деген не?» тақырыбында Астана қаласының Діндерді зерттеу орталығының мамандары Қайдар Мирас Қабиденұлы мен Айдарқұл Марлен мырзалар түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
- Ата-аналар оқушылардың түрлі деңгейдегі білім және өнер байқаулары мен сайыстар, спорттық жарыстарға қатысуына үнемі қолдау көрсетуі; - Оқушылардың бос уақытын жан-жақты тиімді пайдалануына зор көңіл бөледі; /үйірме, секциялар, дамыту орталықтарына қатысуы/ -Мерекелік іс-шараларға қатысу белсенділігі жоғары.	- Ата-аналардың педагогикалық-психологиялық білімін көтеру жұмыстарының аздығы; (<i>семинар, конференция, тренинг, дөңгелек үстел, жеке және топтық кеңестер беру</i>) - Сынып жетекшінің ата-аналармен жүргізетін ағарту жұмыстары, отбасы байқаулары мен сайыстарын ұйымдастыруға деген талаптың жеткіліксіздігі; - Сынып жетекшілер тарапынан отбасының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын зерттеу жұмыстарына қызығушылық танытпауы.
Жою жолдары:	Күтілетін нәтиже:

Балалар мен ата-аналар шығармашылығының күні, ашық есік күндері, жанұялық байқауларды жиі ұйымдастыру.	Үштік одақ жұмысы жанданады:
--	------------------------------



Ата-аналарды мектеп кеңесі жұмыстарына тарту. Сынып жетекшісі ұйымдастырған сабақтан тыс барлық іс-шараларға қатыстыру (<i>мәдени орындарға танымжорық, серуен, саяхат, сенбіліктер, турнирлер т.б.</i>)	Мектеп Оқушы Ата-ана
---	-----------------------------

Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Күз мезгілінің екінші айында мектебімізде үлкен мереке **«Күз жәрмеңкесі»** өтті. Жәрмеңкеге бастауыш сынып оқушылары мен ата-аналары қатысты.

4 сынып оқушылары **«Аяулы күз, Алтын күз - 2022»** мерекесін өткізді. **«Алтын күз»** атты мектепішілік байқау 3 сыныптар арасында өтті. Байқауда «Таныстыру», «Өз-өнері» және «Күз сыйы- киім үлгілер» өнер бөлімдері бойынша сынға түсті. Байқауда бірнеше номинациялардан тұрды олар **«Күз ХАНШАЙЫМЫ мен ХАНЗАДАСЫ»**, **«Үздік өнер»**, **«Үздік қолөнер»** және «үздік таныстыру».

«Ертегілер еліне саяхат» атты бастауыш буынның білім алушылары сахналық қойылым көрсетті. Оның мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахна төрінде өздерін көрсетуге талпындыру, кейіпкердің мінез - құлқын сезіну, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ойлау, есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін қалыптастыру, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адам бойына жат қасиет тілазарлықтан аулақ болып, кешірімді болуға тәрбиелеу.

«Ғарышқа түрен салған-қыран қазақ» атты ғарышкерлер күніне орай сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көркем еңбек пәні мұғалімдері ұйымдастыруымен аукцион өткізілді. Аукционда оқушылар өздері жасаған бұйымдарын сатты.

№	Оқушының аты-жөні	байқау	орын	Жетекшісі
1	Анапьянова А	Күмбірлеген домбыра үні	Бас жүлде	Мөңкебаев. М.Ж

2	Ерен домбырашылар ансамблі	Күмбірлеген домбыра үні	Ансамбль” номинациясы бойынша 2 орынға	Мөңкебаев. М.Ж
3	Жанат Дария, Жанайбаева Нургуль, Доскенова Алина	Ұлы даланың жеті қыры" атты Республи- калық балалар бейнелеу өнері және сәндік-қолөнері	3-орын	Қали М.Б
		көрме байқауы		
4	Абылқайыр Әділет	«Шаттық-2023» байқауы «Жеке орындау»	Алтын медаль	Мөңкебаев. М.Ж
5	Мәліс Д.Е	«Шаттық-2023» байқауы «эстрадалық ән вокал» номинациясы	Қола медаль	Кайракбаева А.Б
6	Аманжолова Ж.К	«Шаттық-2023» байқауы «дәстүрлі ән» номинациясы	дипломант	Кайракбаева А.Б
7	Наркескен домбырашылар ансамблі	«Шаттық-2023» байқауы «Аспап» жанры	Қола медаль	Ыбрай А.Ж
8	Шаймерден С.Е	«Шаттық-2023» байқауы «Фотосурет» жанры	Сертификат	Илесалиева А.М
9	Мәліс Д.Е	«Менің елім» патриоттық ән байқауы	Бас жүлде	Кайракбаева А.Б
10	Мақсұт Алмаз	Жеңіл атлетика	1 н 1 орын оры	Минап Жанұзақ

1 1	Бексайын Мадина	Жас талант -2023	Диплом	Жаксылыкова Лаза т Аканоава
1 2	Талғат Ясмин	Жас талант -2023 Қалалық	Диплом	Бектаева Дамира
1 3	Сакипов Расул	Балалық шақтың аспаны қалалық	2-орын	Мукишев Ербол
1 4	Пайзираханов Елбек	Жас зерттеуші қалалық	1-орын	Мукишев Ербол
1 5	Айдабулова Айда	Сұлулық әлемі қалалық	2-орын	Серікова Жанар
1 6	Жақсылық Сезім	Сұлулық әлемі қалалық	Алғыс хат	Серікова Жанар
1 7	Джазина Назым	Ұлы дала ұрпақтары	Республикалық фестиваль Гран при	Серікова Жанар

«Тәуелсіздік-асқақ армандар мен қайсар рухтың жемісі» атты мерекелік іс-шарада «Әке көрген - оқ жоңар, шеше көрген тон пішер» атты көркем еңбек пәні аясында ата-аналармен сайыс өткізілді. Сайыс барысында 9 «Ж» сыныбы І- орын 9 «Г» сыныбы ІІ-орынмен, 9 «И» сыныбы ІІІ-орынмен марапатталды.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
-----------------------	-----------------------

- Мектеп оқушыларының эстетикалық талғамының жоғары деңгейде болуы; - Оқушылардың көптілді меңгеруге деген қызығушылықтарының артуы; -Өзге ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын насихаттау шараларының жоғары деңгейде ұйымдастырылуы.	- Этномәдени орталықтармен байланыс орнатуға деген ұсыныстың сынып жетекшілер тарапынан жеткіліксіздігі.
Жою жолдары:	Күтілетін нәтиже:
- Этномәдени орталықтармен байланысты нығайту жолында жүйелі жұмыстар жүргізу.	- Эстетикалық қабылдау мәдениеті жоғары, өмірдегі өнердегі сұлулықты сезінеді; әр түрлі халықтар мәдениетінің өзіндік ерекшелігін әділетті бағалай біледі; төзімді, достыққа берік азамат болады.

Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие.

«Біз экологияны қолдаймыз!» тақырыбында жалпы мектепшілік сынып сағаттары өткізілді. «Өзін-өзін басқару» ұйымының оқушылары, қоршаған ортаны ластамау, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарау мақсатында «**Қоқыс мәселесі-ғасыр қасіреті**» бастауыш буын арасында түсіндірме жұмысын жүргізді.

Мектебімізде Көркем еңбек пәні бойынша Сарыарқа ауданы мектептері арасында **«Шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру жолдары»** атты семинар өткізілді. Семинарға жауапты технология пәнінің мұғалімі: Кисыкова Б.С. Семинардың мақсаты: Жас мамандарға көмек, тәжірбие алмасу, әдістемелік көмек беру.

Семинарға Астана қаласы **«Әдістемелік орталығы»** көркем еңбек пәні бойынша жалпы орта білім беру бөлімінің әдіскері Даримбетов Жанболат Нагиметұлы, Шәкәрім атындағы № 56 мектеп-лицейі, көркем еңбек пәні мұғалімі Кожахметов М.З, І.Есенберлин атындағы №67 мектеп-гимназиясы көркем еңбек пәні мұғалімі Тлеужанов М.Ж және І.Жансүгіров атындағы № 58 мектеп-гимназиясы көркем еңбек пәні мұғалімі Кисыков Б.С қатысты және семинарда шеберлік сағаттарын көрсетті. **«Қазақстан-достық мекені»** тақырыбындағы сурет байқауы 1 – 4 сынып білім алушылардың арасында өтті. Орта буын сыныптарына **«Төрлет, құтты Жаңа жыл»** тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

9 «и» сынып білім алушысы Мәліс Диас Щучинск қаласында орналасқан Балдәурен республикалық оқу-сауықтыру орталығында **«Cover Show»** атты ән байқауында бас жүлдеге ие болды.

5-11 сынып білім алушылары ескі жылды шығарып салпы, жаңа жылды қарсы алып «Қысқы балл» кешін өткізді.

Сонымен қатар сәуір айында Болат Өтемұратов қорының қолдауымен мектебімізде **«Жасыл Мектеп»** жылыжайы ашылды. Мектеп оқушылар **«Жасыл ел»** жасақтары құрамында еңбек етуде.

Мықты жақтары:	Әлсіз жақтары:
- Оқушылардың қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі байқаулар мен зияткерлік сайыстар, пәндік олимпиадалар және ғылыми жоба қорғау жұмыстары бойынша нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізуі; - Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жасау жақсы жолға қойылуы; - Оқушылардың ғаламтор желісін оқу-тәрбие үрдісіне қолдануы.	- Сынып жетекшілер және пән мұғалімдері тарапынан сыныпта оқушылармен түрлі зияткерлік сайыстар мен байқаулардың сынып сағатында ғана жүргізілуі; - Оқушы шығармашылығы, жетістігін баспасөз беттерінде жариялау жұмысының орта деңгейде болуы.
Жою жолдары:	Күтілетін нәтиже:

- Сынып жетекшілер және пән мұғалімдері тарапынан оқушылармен түрлі зияткерлік сайыстар мен байқаулар: «Жұлдызды сәт»; «Сынып дарабозы»; «Жыл оқушысы»; «Пікір-сайыс» турнирлері т.б. жиі ұйымдастыру; - Оқушы шығармашылығы, жетістігін баспасөз беттерінде жариялау жұмысын жандандыру. - «Зияткер» дебат клубы мүшелерінің санын арттыру және жұмысын жандандыру.	- Оқушылардың танымдық қызығушылығы артады, сын тұрғысынан ойлау қабілеті жан-жақты дамиды; - Ақпараттық мәдениеті жетік, ойын еркін жеткізе білетін, көшбасшылық қабілеті жоғары тұлға қалыптасады.
---	--

Интеллектуалды тәрбие және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Тәрбие жұмысының мақсаты: интеллектуалдық және құқықтық мәдениет деңгейін арттыру; оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы құқықтық білімді насихаттау.

Міндеттері:

- Тәртіп мәдениетінің құқықтық санасы мен дағдыларын қалыптастыру.
- Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу.

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы ағымдағы жылдың 26-30 қыркүйек күндері мектеп оқушылары арасында **«Сөз жауһары»** интеллектуалды сайысын ұйымдастырды. Аталған сайысқа Ілияс Жансүгіров атындағы №58 мектеп-гимназиясының оқушылары да қатысты.

Ұялы телефонның пайдасы мен зияны» тақырыбында дебат,

Тілі жоғалған ұлттың, өзі жоғалады" атты қазақ тілі мен әдебиеті онкүндігі аясында Мағжан Жұмабаев **"Мен, жастарға сенемін!"** өлеңіне жауап ала алды ма, жоқ па? атты дебат өтті.

«Алты Алаш» дебат клубы **«Ауылда өмір сүрудің артықшылығы мен кемшілігі»** атты дебат өткізілді. 6-7 сыныптар арасындағы ойын тартысты жоғары деңгейде болды.

10 қараша 2-4 сыныптар аралығында **«Әдебиет әліппесі»** оқуларының мектепшілік іріктеу кезеңі өтті. Байқау **«Өнер алды...»** мақал-мәтелді мәнерлеп, жатқа оқу, **«Ойлан, тап»** берілген сөздер мен сөз тіркестерінен өлең жолдарын құрастыру, **«Алтын сақа»** шығарманы жалғастыру, **«Ақ желкен»** шығармашылық жұмыс 4 номинация бойынша өтілді. 17 қараша күні 4 сыныптар арасында. **«XXI ғасыр көшбасшы»** атты интеллектуалды ойыны өтті. Іс–шараға 9 білім алушы, 3 топ болып сайысқа түсті. Бұл білім сайысының мақсаты төртінші сынып оқушыларының білім деңгейін жетілдіру, дамыту. Оқулықтан тыс ақпараттармен оқушыларды қаруландыру.

"Ұлт руханиятының Алтын асығы" атты Ақселеу Сейдімбекұлының 80 жылдығына орай өткізілген халықаралық ғылыми-танымдық конференция және Ақселеу оқуларының жүлдегерлерін марапаттау рәсімінде **"Ғылымнан ғалымдыққа"** номинациясынан 2-дәрежелі дипломды 11 "А" сынып оқушымы Сүйіндік Назгүл иеленді.

«Тәуелсіздік - тарих ізімен» атты қоғамдық пәндер апталығында **«Тәуелсіздік, Тағлым, Тарих»** атты Не? Қайда? Қашан? интеллектуалдық сайысы өтті. Сайысқа 10-11 сыныптардан 4 команда қатысты. Әр командада 3 оқушыдан құралды. Сайыс үш кезеңнен тұрды:

I-ші кезең. Таныстыру **"Сәлем сөздің анасы"**

II-ші кезең. **"Бәйге"** топ басшылары сайысы

III-кезең. **"Дода"** топтық сайысы. Сайыс қорытындысы бойынша 11"Б" сынып оқушылары 1 орын, 11 "А" оқушылары 2 орын, 10 "Г" оқушылары 3 орын иеленді. 10 "Ә" сыныбының оқушылары белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

«Тәуелсіздік- тарих ізімен» атты қоғамдық пәндер апталығында **«Қазақстан Тәуелсіздік тарихындағы ең атаулы жетістік»** тақырыбында дебат өткізілді.

Тәуелсіздік» күні мерекесіне арналған 9 сыныптар арасында **«Қазақстан эрудиті»** атты интеллектуалдық ойын өткізілді. Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің тарихын, тілін,салт-дәстүрін құрметтей білуге тәрбиелеу

3 сынып оқушылары арасында **«Кім тапқыр?»** атты зияткерлік ойын өтті. Ойынның мақсаты: білім алушылардың математикалық қабілетін, шығармашылық ой-өрісін дамыту. Ойын барысында оқушылар ертегі арқылы математикалық,

логикалық сұрақтарға жылдам жауап беріп жарысты. Оқушылардың тек білімі ғана емес, шапшаң ойлау, жылдам әрекет ету қабілеттері сыналды.

«Ахмет.Ұлт ұстазы» телесериалы және «Ташенов.Тайталас» фильмдері аясында Kahoot ойыны өткізілді.

Сонымен қатар «Жастарда патриоттық рух бар ма?», «Ауылда өмір сүрудің артықшылығы мен кемшілігі», «Ұялы телефонның пайдасы мен зияны», «Қазақстан Тәуелсіздік тарихындағы ең атаулы жетістік», «Мектеп бала дарынын аша ала ма?», «Негізгі орта мектептен кейін оқуға барудың маңызы бар/ жоқ» , «Қазақ хандары Қазақ мемлекетілігін сақтап қалды», «Интернет кітапты алмастыра ала ма» атты дебат ойындары өткізілді.

Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру

Мақсаты:денсаулықты нығайтуға мүмкіндік беретін ортаны құру жолымен барлық континенттің салауатты өмір салтын ұстануына қол жеткізу.

Міндеттері:

1. оқушылардың жеке қасиет сезімін арттыру үшін психологиялық және әлеуметтік потенциалын жүзеге асыру үшін мүмкіндіктер жасау.
2. білім мен өмірлік дағдыларды алуды қамтамасыз ету.
3. оқушылардың денсаулығы үшін және жұмыс пен оқу кезінде тиісті қауіпсіздік шаралары үшін қолайлы орта құру.
4. әркімнің өзінің және айналасындағылардың денсаулығын қорғауға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көмек көрсету.
5. мектеп оқушылары мен жұмысшылары үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру мүмкіндіктерін құру.
6. оқушылар мен жұмысшылар, сондай-ақ, оқу мекемесі мен үй арасындағы өзара қарым-қатынаста жағымды жағдай орнатуға көмек көрсету.

«Мұғалімдер мерекесіне» орай мектепшілік мұғалімдер арасында «Мұғалім мектептің жүрегі» атты волейболдан «Мектеп директор кубогы» жарысы ұйымдастырылды., «Зиянды заттар зардабы» тақырыбында Қойшыбеков Тоқтар Төлеуханұлы Медицина университеті психиатрия және наркология кафедрасының ассистенті келіп оқушыларға зиянды заттар туралы білімдерін кеңейтіп, өзара ой бөлісу, ойлау, қорытындылау қасиеттерін дамытады, өз денсаулығының бағалы байлық екенін түсіну мақсатында дәріс оқыды.

17 қазан күні «Дені сау ұлт- дені сау мемлекет» тақырыбында сынып сағаттар өткізілді. Ал бастауыш буында «Денсаулық пойызымен саяхат» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

№5 қалалық емханасының «Шуақ» Жастар денсаулығы орталығы мамандары жасөспірім қыз балалардың репродуктивті денсаулығы бойынша 9,10,11 сынып қыздарына гинеколог мамандар дәріс жүргізді.

